



## «Анамызға мың алғыс»



01.04.2023ж

«Шұғыла» тобы

Тәрбиешілер: Манашева.А

Бегалиева.А

## «Анамызға мың алғыс»

Балалар залға қол ұстасып, жұптасып әдемі әуенді «гүлмен» ырғағымен айналып өтеді. («Тәттім-ау» әуенімен)

**Тәрбиеші:** Құрметті аналар, әжелер сіздерді әйел жанымен байланысты тамаша көктем мерекесі-8 наурызбен шын жүректен құттықтаймыз. Алғашқы көктем мерекесі Жер бетіне өмір сыйлаушы нәзік, ақылды сымбатты, мейрімді жандарға арналаған қандай тамаша мереке! Әлемдегі ең асыл жан ол-Ана десек, жүрегімізде сүйікті жанға деген махаббат сезімі оянады.

Алия апай

**Тәрбиеші:** Той пердесін ашайық.

Тойға шашу шашайық.

Аналарды құрметтеп.

Ән маржанын шашайық.

**Ән: «Көбелек»**

**Би: «Көбелек»**

**Тәрбиеші:** «Ананың әрбір сөзі жылулыққа толы. Ананың көз нұры тастай мұзды да жібітеді»-демекші, балаларымыздың аналарына арнаған өлең шумақтарын қабыл алыңыздар.

3. **Диас** Ақ қабақты мамашым,  
Күн сәулесі анашым.  
Әлпештеген баласын,  
Айналайын анашым.

4. **Инжу** Мамаларды сүйеміз,  
Сөзін ойға түйетін.  
Әжені де ардақты  
Әдеппен бас иеміз.

5. **Б. Айару** Ана - өмір шырағы,  
Ана - өмір бұлағы.  
Бесігімнің жыр әні,  
Жүрегімде тұрады.

2. **Ардақ** Ел жатқанда жатпаған,  
Мен деп тыным таппаған.

Бақыты үшін баланың,  
Аман-сау бол, ақ мамам.

**Тәрбиеші:** Аналар ақ тілекті, сөзі көп дейін.

Жылытар жүрегінді көз көп дейін.

Аналар ақ жаулықты бұл сіздерге.

Қол соғып қарсы алайық ұлдар биді.

**Би: «Крутые ребята»**

Музыка әуенімен көктем ханшайымы кіреді.

**Көктем ханшайымы:** Мен көңілді көктеммін.

Былыр келіп кеткемін

Көзін ашып бұлақтың

Түбіне тал екенмін

Гүл боп қырда егілем.

Дән боп жерге себелем. Армысыздар қонақтар! Міне көктем мерекесіде келіп жетті. Барлықтарыңызды мерекелеріңізбен құттықтаймын.

**Тәрбиеші:** Амансың ба, Ару көктем? Ұлан-байтақ жерімізге қош келдіңіз. Шуағыңды шаттандырып, нұрыңды мол төгебер. Балаларымыздың аналарына арнаған ризашылығын қабыл ал.

**Ән: «Апатайым анашым»**

9 **Мейірлан.** Еркелесем күлімдейтін,  
Ұрысқаны білінбейтін.  
Маңдайымнан иіскеп менің,  
«Құлыншағым, күнім»- дейтін.

10. **Нұрислам** Жаксы көрем күлкінді,  
Айналайын ақ мамам.  
Менің мамам сүйкімді,  
Бәрінен де жақсы адам.

11. **Т. Айару** Өскенде мен ал енді,  
Аралаймын әр елді.  
Сыйлық әкеп мамама,  
Таң қалдырам бар елді.

12. **Ақберен** Үн қатасың бал тіліңмен,  
Еркелеймін әр күні мен.  
Құттықтайын анашым,  
8 наурызбен!

13. **С. Айару** Айтсаң болды тіл алам,  
Әйбат мамам, ақ мамам.

Сені көрсем қуанам  
Сен керексің қайда да

14. **Айдай** Күнде күндіз шыдамай,  
Қарсы аламын мамамды.  
Құшақтаймын қуана,  
Ең әдемі адамды!

15. **Алижан** Достықты да ойлаймыз  
Бірге күліп ойнаймыз  
Қыздарды да құттықтап,  
Мерекесін тойлаймыз.

**Көктем:** Мерекеге арналады бүгін билер,  
Көтерілсін кәнекей көңіл күйлер  
Алдарыңызға қазір **Гүлдер** биін тарту етемін.

**Би: «Гүлдер»**

**Жүргізуші:** «Қариясы бар үйдің, қазынасы бар» -, деп бекер  
айтпаған. Қазыналы әжелерімізді құттықтай отырып балаларымыздың өлең  
шумақтарын қабыл алыңыздар.

6. **Инабат** Әже деген көп шығар,  
Әжемдей жоқ шығар.  
Айналайын дегені,  
Жанға рахат береді.

7. **Жандос** Әжем менің әлі де,  
Ұқсамайды кәріге.  
Шай қайнатып береді,  
Қажет болса бәріне.  
Базарға да барады,  
Бәрін сатып алады.

8. **Асылым** Таусылмайды өлеңі,  
Күнде айтып береді.  
Барған сайын бір жаққа,  
Кәмпит алып береді.  
Әжем мені өйткені,  
Өте жақсы көреді.

**Томирис** Бізді өсірген апатай,  
Еңбегің де зор екен.  
Құтты болсын апатай,

Құтты болсын мерекең.

**Айсұлу**

Әжем менің асыл жан  
Жаксылыққа үйретіп,  
Жамандықтан шектейді.  
Әжеме ешкім жетпейді!

**Дидар**

Әжем менің, ақ әжем  
Ақыл беріп үйреткен.  
Аппақ әжем, пәк әжем,  
Мейіріммен тербеткен.

**Мариям**

Әжемді жаксы көремін,  
Өлең айтып беремін.  
Үлкен болып өскенде  
Бәрін алып беремін.

**Көктем аруы:** Бүгін аналар мерекесі болғандықтан, балаларымыз бар өнерлері .

**Тәрбиеші:** Ия әрине көктем ханшаймы осында бүлдіршіндердің әрине өнерлі болады.

**Ойын: «Кім жылдам»**

**Тәрбиеші:** Аннаның әр-бір сөзі жылулыққа толы. Анның көз нұры, мейірімі тастай мұзды да жібітеді. Сүйікті аналар , сіздерге деген балаларымыздың жылы лебіздерін қабыл алыңыздар.

**Кәусар:**

**Анашым аппағым**

**Өзің жайлы тақпағым**

**Өзің жайлы әнім де,**

**Арнадым саған бәрін де.**

**Муслимма:**

Желаю, бабушка, здоровья,

И никогда не уставать,

Всех благ тебе, родная,

Хочу, бабуля, пожелать.

**Тәрбиеші:** Мың бұралған арулар аңдап басып

Келеді міне ортаға толқып тасып

Аруларын сыйлаған халқым менің

Көңілді билерін қошеметпен қарсы алады.

Ән: «Ақ қанатты көбелек»

**Көктем аруы:** Құрметті қонақтар,балалар ендеше менің кететін уақытым таяп қалды.Рахмет сендерге мені өте жақсы қарсы алғандарыңа..Мен өз жылулығымды сендерге әр дайым төгіп жүретін боламын. Хош сау болыңдар!.

**Тәрбиеші:** Өмірге бізді келтіріп

Жарық дүние сыйлаған

Жамандыққа баласын

Ешқашан да қимаған.

Көрмесін қайғы балалар

Аман болсын аналар!-дей келе бүгінгі «Анамызға мың алғыс»атты ертеңгілігімізді аяқтайық.

